

# Qairmet



Қазақстанның металлургиялық  
негізі: саланы өзгертегін жобалар

Qairmet представил свою продукцию  
на ИННОПРОМ – 2025

Мамандығы – болат қорытушы,  
жан-жүрегімен – металлург



### **Құрметті әріптестер!**

*Qarmet компаниясы сіздерді кәсіби мереке -  
Металлург күнімен шын жүректен құттықтайды!*

*Бұл күн - металлургия саласымен тағдырын байланыстырып, елдің өндірістік қуатын арттырып жүрген барша жан үшін ерекше. Сіздердің еңбектеріңіз - ел өнеркәсібінің іргетасы, сенімділік пен табандылықтың, өз ісіне деген адалдықтың айқын көрінісі. Дәл сіздердің кәсіби шеберліктеріңіздің, тәжірибелеріңіздің және тынымсыз еңбектеріңіздің арқасында берік металл құйылып, қалалар бой көтеріп, Қазақстан экономикасы қарқынды дамып келеді.*

*Біз әрбір қызметкерімізбен, әрбір цехпен және әрбір учаскемен мақтанамыз. Сіздер - тек ыстық металл емес, бірлік, жауапкершілік пен мамандыққа деген құрмет отында шыңдалған нағыз кәсіпқой мамандарсыздар.*

*Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, жаңа табыстар, қауіпсіз еңбек пен ертеңгі күнге нық сенім тілейміз!*

### **Мерекелеріңізбен!**

### **Дорогие коллеги!**

*Компания Qarmet поздравляет вас с главным профессиональным праздником -  
Днём металлурга!*

*Этот день - особый для всех, кто связан с металлургией. Ваша работа - это основа промышленной мощи страны, символ надёжности, силы и преданности делу. Благодаря вашему труду, опыту и усердию создаются прочные материалы, строятся города и развивается экономика Казахстана.*

*Мы гордимся каждым сотрудником, каждым цехом и каждым участком. Вы - настоящие профессионалы, закалённые не только жаром раскалённого металла, но и духом единства, ответственности и уважения к профессии.*

*Желаем вам крепкого здоровья, благополучия вашим семьям, новых достижений, безопасной работы и уверенности в завтрашнем дне!*

**С праздником!**



ӨЗЕКТІ

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕТАЛЛУРГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ: САЛАНЫ ӨЗГЕРТЕТІН ЖОБАЛАР

*Қазақстан – шикізатты өңдеуден бастап дайын өнім шығаруға дейінгі толық циклді қара металлургияға ие санаулы елдердің бірі. Ғаламдық бәсекелестік жағдайында ел жоғары технологиялық шешімдерге, экспорттық бәсекеге қабілеттілікке және өнеркәсіптік егемендікке басымдық беріп отыр.*



Бүгінде Қазақстан қара металлургия көлемін арттырумен ғана шектелмей, жоғары қосылған құны бар өнім өндіруге көшуді мақсат етіп отыр. Бұл – автокөлік өндірісінен бастап инфрақұрылымға дейінгі жаһандық өнеркәсіптің ең қатаң талаптарына сай келетін өнім шығару.

Елдегі ең ірі металлургиялық актив – Qarmet компаниясы екі стратегиялық жобаны іске асыруда. Бұл жобалар Қазақстан ішіндегі салалық негізді күшейтіп, экспорттық әлеуетті қалыптастырып, ішкі нарықтың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Олар ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған технологиялық жаңғыру мен терең өнеркәсіптік өңдеу саласында көшбасшылыққа ұмтылу бағытының нақты көрінісі.

**Жаңа сортопрокат станы: импорттан толық бастарту және құрылыс саласына қолдау**

Бірінші жоба – Beijing Shougang International Engineering Technology Co., Ltd және Power China компанияларымен бірлесе отырып сортопрокат станының іске қосылуы. Бұл жоба ел құрылыс саласы үшін аса маңызды арматура мен

сортты прокат өндіруге бағытталған.

Жобаның қуаттылығы – жылына 1 млн тоннаға дейін. Бірінші кезең (450 мың тонна) 2026 жылы іске қосылады. Бұл құрылыс металл өнімдері (арматура, двутавр, швеллер, бұрыштық темір, профильді құбырлар және т.б.) импортының орнын толық басып, ішкі нарықты тұрақтандыруға және осы сектордың қазақстандық өнімге сүйенуіне мүмкіндік береді.

Ж о б а ғ а ц и ф р л ы қ шешімдер, автоматтандыру және экологиялық технологиялар енгізіледі. Бұл – ұлттық инфрақұрылымдық бағдарламалар аясында құрылыс саласының тұрақты өсуіне негіз болады.

**«Біздің міндетіміз – тұрақты даму қағидаттарына негізделген интеллектуалды прокат желісін құру», – деді ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр.**

**Жаңа құю-прокат кешені: премиум сегмент пен экспортқа басымдық**

Екінші жоба – Қарағанды облысында құю-прокат кешенін (ҚПК) салу. Ол ені 1850 мм, қалыңдығы 0,8-ден 16 мм-ге дейінгі

ыстықтай илектелген болат өнімдерін шығарады. Бұл – автокөлік, мұнай, атом, медицина, құбыр өндірісі және тұрмыстық техника сияқты жоғары технологиялы салаларға қажетті өнім.

Ж о б а н ы ң ж о б а л ы қ қуаттылығы – жылына 4 млн тоннаға дейін. Өнімнің өзіндік құнын едәуір төмендетіп, энергия шығынын азайту, суықтай илек өнімдерінің кейбір түрлерін ыстықтай илекпен алмастыру көзделген. Ескі қуаттылықтардан айырмашылығы – жаңа ҚПК халықаралық заманауи стандарттарға толық сәйкес келеді.

Жобаға 700 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция салынады, құрылыс 2027 жылы аяқталады. Индустриялық серіктестер ретінде Primetals Technologies (Австрия), SMS group (Германия) және Danieli (Италия) компаниялары қарастырылуда.


**басқарма төрағасы Петр Трушин.**

Жобала нәтижесі: жаңа жұмыс орындары мен өнеркәсіптік тәуелсіздік

Qarmet-тің екі жобасы жаңа жұмыс орындарын ашып, өндірістік кооперацияны арттырып, инфрақұрылымды дамытып, шикізаттық емес экспорт үлесін көбейтеді. Бұл Қазақстанға өнеркәсіптік тәуелсіздігін нығайтып, жаһандық жеткізу тізбегіне жоғары сапалы, премиум металл өнім өндіруші ретінде кіріуге мүмкіндік береді.

Айта кетейік, прокаттық қуаттардан бөлек, компания басқа да стратегиялық бастамаларды іске асыруда. Атап айтқанда:

- зауытты газдандыру үшін құбыр салу – өнімнің өзіндік құнын төмендетіп, экологиялық көрсеткіштерді жақсарту (\$301 млн);
- №8 және №9 кокстеу батареяларын салу – жылына 1,5 млн тонна құрғақ кокс (\$369 млн);



**«Бұл жай ғана жабдықты жаңарту емес – бұл Қазақстанды жаһандық нарықтағы премиум сегменттерде бәсекеге қабілетті ететін стратегиялық серпіліс», – деді Qarmet Corporation**

• Қаражалда тау-кен және байыту кешенін іске қосу (\$511 млн);

• 200 мың тонна тас көмір шайырын өңдейтін көмір химиясын дамыту, 15-тен астам өнім түрін шығару жоспарланған.

АКТУАЛЬНО

## МЕТАЛЛУРГИЧЕСКИЙ КАРКАС КАЗАХСТАНА: ПРОЕКТЫ, КОТОРЫЕ МЕНЯЮТ ОТРАСЛЬ

*Казахстан входит в число немногих стран, обладающих полным циклом черной металлургии – от переработки сырья до выпуска готовой продукции. В условиях глобальной конкуренции страна делает ставку на высокотехнологичные решения, экспортную конкурентоспособность и промышленный суверенитет.*

Казахстан сегодня нацелен не просто на наращивание объемов черной металлургии, а на переход к производству продукции с высокой добавленной стоимостью, соответствующей самым строгим требованиям глобальной промышленности – от автопрома до инфраструктуры.

Qarmet, как крупнейший металлургический актив страны, реализует два стратегических проекта, которые усиливают отраслевую базу внутри Казахстана, формируют экспортный потенциал и обеспечивают устойчивость внутреннего рынка. Это практическая реали-

зация курса, озвученного Президентом РК Касым-Жомартом Токаевым, на технологическое обновление и лидерство в сфере глубокой промышленной переработки.

тонн) будет открыта в 2026 году. Это позволит полностью заместить импорт строительной металлургии (арматура, двутавровая балка, швеллер, уголок, фасонная труба и др.), стабилизировать внутренний рынок и создать условия для опоры данного сектора на казахстанскую продукцию.

Проект включает внедрение цифровых решений, автоматизацию и экологические технологии. Он создает базу для устойчивого роста строительной отрасли, особенно в контексте национальных инфраструктурных программ.

**«Наша задача – создать интеллектуальную про-**



катную линию, ориентированную на устойчивое развитие», – подчеркнул первый заместитель премьер-министра РК Роман Скляр.

**Новый сортопрокатный стан: полный отказ от импорта и поддержка строительной сферы**

Первый проект – запуск сортопрокатного стана в партнерстве с Beijing Shougang International Engineering Technology Co., Ltd и Power China. Он ориентирован на выпуск арматуры и сортового проката, критически важного для строительной отрасли республики.

Производственная мощность – до 1 млн тонн в год. Первая очередь (450 тыс.

Новый литейно-прокатный комплекс: ставка на премиум и экспорт

Второй проект – строительство литейно-прокатного комплекса (ЛПК) в Карагандинской области, который обеспечит выпуск горячекатаной стали шириной до 1850 мм и толщиной от 0,8 до 16 мм. Это продукция, востребованная в высокотехнологичных отраслях – автомобилестроении, нефтяной, атомной, медицинской и трубной промышленности, а также в производстве бытовой техники.



Проектная мощность – до 4 млн тонн в год. Ожидается значительное снижение себестоимости, сокращение энергозатрат и замещение части продуктовых сегментов в сортаменте холодного проката горячекатанным. В отличие от устаревших мощностей новый ЛПК будет соответствовать самым современным международным стандартам. Инвестиции в проект оцениваются в \$700 млн, завершение строительства – в 2027 году. Индустриальными партнерами рассматриваются Primetals Technologies (Австрия), SMS group (Германия) и Danieli (Италия).

**«Это не просто обновление оборудования – это стратегический рывок, который позволит Казахстану конкурировать в премиальных сегментах мирового рынка», – отметил председатель правления Qarmet Corporation Пётр Трушин.**

Оба проекта Qarmet создают новые рабочие места, усили-

вают производственную кооперацию, развивают инфраструктуру и увеличивают долю несырьевого экспорта. Реализация позволит Казахстану усилить промышленную независимость и встроиться в глобальные цепочки поставок как производитель высококачественной, премиальной стальной продукции.

Напомним, что, помимо прокатных мощностей, компания реализует и другие стратегические инициативы. В их числе строительство газопровода для комбината для снижения себестоимости и улучшения экологических показателей (\$301 млн), возведение новых коксовых батарей №8 и №9 (\$369 млн, 1,5 млн тонн сухого кокса в год), запуск горно-шахтного комплекса и обогатительных фабрик в Каражале (\$511 млн), развитие углехимии с переработкой до 200 тыс. тонн каменноугольной смолы и с выпуском более 15 видов продукции.





ӨЗЕКТІ

# QARMET ИННОПРОМ-2025 КӨРМЕСІНЕ ӨЗ ӨНІМДЕРІН ҰСЫНДЫ

*Qarmet компаниясы Екатеринбург қаласында өтіп жатқан ИННОПРОМ-2025 халықаралық өнеркәсіп көрмесіне қатысты*



тиімді алаң.

Қазақстан павильонын Ресей Федерациясы Үкіметінің Төрағасы Михаил Мишустин, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Складчик және Ресей Үкіметі мен іскерлік қауымдастықтың өзге де өкілдері тамашалап көрді.


Qarmet компаниясының басқарушы директоры Ербол Исмаилов мәртебелі меймандарды кәсіпорындағы ауқымды жаңғырту

Qarmet компаниясы Ресей Федерациясының Екатеринбург қаласында өтіп жатқан ИННОПРОМ-2025 атты 15-ші мерейтойлық халықаралық өнеркәсіп көрмесіне қатысты.

Компания стендінде қаңылтырлы және сортты прокат цехтарының өнім үлгілері, сондай-ақ

«Qarmet Tubular Products Ақтау» ЖШС шығарған құбырлар ұсынылды.

Көрмеге қатысу — шетелдік өнеркәсіп секторының өкілдерімен жаңа серіктестік байланыстар орнатуға және Qarmet компаниясының өндірістік әлеуетін халықаралық деңгейде таныстыруға арналған



жұмыстарының алғашқы нәтижелерімен таныстырып, компанияның даму қарқынын және ресейлік кәсіпорындармен орнаған табысты ынтымақтастықты ерекше атап өтті.

Qarmet тұрақты халықаралық экономикалық әріптестікті дамыту, экспорттық әлеуетті арттыру және өндірісте әлемдік озық тәжірибелерді енгізу бағытында сенімді түрде алға жылжып келеді.

АКТУАЛЬНО

## QARMET ПРЕДСТАВИЛ СВОЮ ПРОДУКЦИЮ НА ИННОПРОМ–2025

*Компания Qarmet приняла участие в работе 15-й, юбилейной, международной промышленной выставки ИННОПРОМ-2025, которая проходила в Екатеринбурге (РФ).*

На стенде компании представлены образцы продукции листопрокатного и сортопрокатного цехов, а также трубы производства АО «Qarmet Tubular Products Aktau».

Участие в выставке стало эффективной площадкой для установления новых партнёрских связей с представителями промышленного сектора других стран, а также для презентации производственного потенциала компании на международной арене.

Казахстанский павильон посетили Председатель Правительства Российской Федерации Михаил Мишустин, Первый заместитель Премьер-министра РК Роман Скляр и другие представители российского правительства и деловых кругов.

Управляющий директор Qarmet Ербол Исмаилов ознакомил гостей с первыми результатами масштабной модернизации предприятия, отметив динамику развития и успешное сотрудничество компании с россий-



скими предприятиями.

Qarmet продолжает уверенно двигаться в направлении развития устойчивого международного экономического сотрудничества для расширения экспортного потенциала и внедрения лучших мировых практик в производство.





ЕҢБЕК АДАМДАРЫ

## МАМАНДЫҒЫ – БОЛАТ ҚОРЫТУШЫ, ЖАН-ЖҮРЕГІМЕН – МЕТАЛЛУРГ

*Нағыз күшті, мінезді, төзімді қажет ететін кей мамандықтар бар. Солардың бірі – болат қорытушы. Конвертерлік цехта отты, жоғары температураны, балқыған металды бағындыра алатын мықты адамдар еңбек етеді. Солардың бірі – Ерғали Байдуллаев.*

Ерғали Байдуллаев «Qarmet» АҚ-ның конвертерлік цехында сегіз жылдан бері жұмыс істейді. Ол «Балқыту» учаскесінің болат қорытушысы ретінде металлургиялық өндірістегі ең маңызды кезеңдердің біріне жауап береді. Бұл қарапайым сипаттаманың артында мамандыққа деген қызығушылық, еңбек жолын жалғастырған әулет және өз ісіне шынайы берілген.

Еңбек жолын Ерғали мердігер ұйымнан бастады. Алғаш рет болат қорытушы жұмысына сол жерде куә болды. Бұл кәсіп бірден қызығушылық тудырды. Нағыз ер-азаматтарға тән, күшпен мінезді талап ететін жұмыс екені бірден ұнады. Жалақының да жоғары деңгейде болуы қуантты.

Бүгінде Ерғали балқыту үдерісінің бүкіл технологиялық тізбегін бақылайды. Яғни конвертерге металллом салудан бастап, шойынды құю, шлакты төгу және дайын балқыманы шығару – бәрі соның бақылауында. Жұмыс күні ерте басталады.



Сағат алтыда ол кіреберісте, ал 6:20-де ауысымды қабылдайды. Жабдықтарды тексереді, әріптесінен ескерту немесе ақаулар бар-жоғын нақтылайды. Сағат 6:45-те жиналыс өтеді, онда ауысымға қойылатын міндеттер нақтыланып, басқа учаскелердегі жаңалықтар хабарланады. Сағат тура жетіде жұмысқа кіріседі.

Ерғали цехтағы ұжымды ерекше атап өтті. Барлық төрт бригада бір үйдің баласындай ұйымшыл, бірін-бірі қолдап, сенімді жұмыс ортасын қалыптастырып отыр.

Мұндай қолдау жауапты да ауыр мамандықта аса маңызды дейді ол.

Қазір Ерғали кәсіби дамуын жалғастыруда. Ол металлургия жоғары оқу орнының 1-курсында «Қара металлургия» мамандығы бойынша білім алады. Болашағын Qarmet компаниясымен байланыстыруды көздейді. Бұл сенім оның отбасылық дәстүрімен де бекемделген: дәл осы цехта оның әкесі Марат Ертаев пен інісі Алмат Байдуллаев та жұмыс істейді. Үшеуі бірігіп, нағыз еңбек әулеті.

Жұмыстан тыс уақытта

Ерғали отбасына көңіл бөледі. Жұбайы Альбинамен бірге үш бала тәрбиелеп отыр: Думан, Айша және Мәриям. Бос уақытында көлікке қызығып, YouTube пен Instagram желілерінде парақша жүргізеді. Сондай-ақ ұлымен бірге жаттығу жасап, спортпен тәрбие жұмысын қатар алып жүреді.

Ерғали Байдуллаевтың өмір жолы – бір кездері металлды өз ісі ретінде таңдаған жанның шынайы тарихы. Ол күн өткен сайын бұл таңдауының дұрыстығын дәлелдеп келеді.

ЛЮДИ ТРУДА

## СТАЛЕВАР ПО ПРОФЕССИИ, МЕТАЛЛУРГ ПО ПРИЗВАНИЮ

*Есть профессии, в которых сразу чувствуется сила, характер и настоящая закалка. Именно к таким относится работа сталевара. В конвертерном цехе трудятся люди, способные управлять огнём, температурой и металлом. Один из них - Ергали Байдуллаев.*

Олег МАСЛЕНИКОВ

Ергали Байдуллаев работает в конвертерном цехе АО «Qarmet» уже восемь лет. Он сталевар на участке «Выплавка» и отвечает за один из ключевых этапов металлургического производства. За этим простым описанием скрываются увлечённость профессией, трудовая династия и искренняя преданность делу.

Свой путь Ергали начал в подрядной организации, где впервые познакомился с работой сталевара. Профессия сразу заинтересовала. Привлекло то, что это сугубо мужская работа, требующая силы



и характера. Также порадовал достойный уровень заработной платы.

Сегодня Ергали следит за всем технологическим процессом плавки: от завалки конвер-

тера металлоломом до заливки чугуна, скачивания шлака и выпуска готовой плавки. Рабочий день начинается рано. Уже в шесть утра он на проходной, а в 6:20 принимает смену. Проверяет оборудование и уточняет у сменщика, есть ли замечания. В 6:45 проводится сменновстречное собрание, где формулируются задачи на смену и озвучиваются новости с других участков. Ровно в семь он уже приступает к работе.

Отдельно Ергали отмечает атмосферу в коллективе. Все четыре бригады работают слаженно, поддерживают

друг друга и создают крепкую рабочую среду. Эта поддержка особенно важна в напряжённой и ответственной профессии.

Сейчас Ергали продолжает развиваться. Он учится на первом курсе ВТУЗа по специальности «Металлургия чёрных металлов». Планирует связать своё будущее с Qarmet. Его уверенность подкрепляется семейной традицией. В том же цехе трудятся его отец Марат Ертаев и брат Алмат Байдуллаев. Вместе они представляют собой настоящую трудовую династию.

Вне работы Ергали посвящает себя семье. С супругой Альбиной они воспитывают троих детей: Думана, Айшу и Мариям. В свободное время он увлекается автомобилями, ведёт страницы на YouTube и в Instagram. Также тренируется вместе с сыном, совмещая активность с воспитанием.

История Ергали Байдуллаева - это путь человека, который однажды выбрал металлургию своим делом. И с каждым днём укрепляет эту связь.





МЕРЕКЕ

## ЖАЛЫНДАП ТҰРҒАН ЖҮРЕКТЕН ШЫҚҚАН ПОЭЗИЯ

*Металлургтер күні қарсаңында «Qarmet» АҚ ұжымында тек құттықтаулар ғана емес, поэтикалық жолдар да шырқалды. Осындай шабытты өлеңдердің бірін өндірістік бақылау басқармасының жетекші инженері Михаил Ваганов жазған.*

«Qarmet» металлургиялық комбинатының қызметкерлері күн сайын металлургиялық өндірістің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етіп қана қоймай, өз еңбектерінен шабыт алады. Мазмұнды да жауапты жұмыс тек болатты ғана емес, поэзияны да үйлестіреді.

Металлургтер күні қарсаңында өндірістік

бақылау басқармасының жетекші инженері Михаил Ваганов өз ісіне деген шынайы сүйіспеншілікпен, жүрек түбінен шыққан өлеңін ұжыммен бөлісті. Оның әрбір жолында – үлкен өндірістің әрбір маманға деген құрмет, сенімді әріптестерімен бірге жүріп өткен еңбек жолына деген мақтанш сезіледі.

## ПОЭЗИЯ ГОРЯЧИХ СЕРДЕЦ

*В канун Дня металлурга в коллективе АО «Qarmet» звучат не только поздравления, но и поэтические строки. Одно из таких вдохновлённых стихотворений написал Михаил Ваганов, ведущий инженер управления по производственному контролю.*

Сотрудники металлургического комбината «Qarmet» не только ежедневно обеспечивают бесперебойную работу металлургического производства, но и находят вдохновение в собственном труде. Насыщенная, полная ответственности деятельность рождает не только сталь, но и поэзию.

В преддверии Дня металлурга Михаил Ваганов, ведущий инженер управления по производственному контролю, поделился стихотворением,

написанным от души и с большой любовью к делу, которым он живёт. В его строках - уважение к каждому специалисту, сопричастному к большому производству, и гордость за трудовой путь, пройденный бок о бок с надёжными коллегами.

Такие строки - отражение настоящей любви к профессии и искренней преданности делу. В них - характер металлурга: стойкий, горячий, сильный и целеустремлённый.



**Чугун, сталь, металл - всем вам известны,  
Используем мы их повсеместно.  
Откуда берётся для них материал,  
И кто руду превращает в металл?  
Мы, металлурги - ребята из стали!  
Характер мы свой у печи закаляли!  
Нелёгкий наш труд - тяжёл и опасен,  
Он нам по плечу, для нас он - прекрасен!**

**На производство наше взгляните,  
Профессии наши вы оцените.  
Судите не строго, не рубите с плеча -  
Сталь из печи весьма горяча.  
Здесь, в доменном цехе, - сталевар,  
горновой,  
И в КХП - машинист, дверевой.  
Мы вместе сплотились в команде одной,  
Дружны и счастливы семьёй заводской!**

**Технолог, геолог, проходчик, взрывник -  
Не обстоит дело без них.  
Вы недра для нас из-под земли достаёте,  
Ваш труд - труд шахтёра - всегда был в  
почёте!  
Все вместе, сплочённо, плечом о плечо -  
В шахте, в пыли, у печи горячо.  
Мы труд направляем во благо людей,  
Чтоб мир наш стал лучше и красивей.**

**Кармет-комбинат, ты - дом наш второй,  
В душе и сердцах - заводской проходной,  
Оставил свой след ты навсегда -  
Совместный наш путь не забыть  
никогда!**



ӨМІРГЕ АРНАЛҒАН ПСИХОЛОГИЯ

## ДЕМАЛЫС АЯҚТАЛДЫ: ЖҰМЫСҚА КҮЙЗЕЛІССІЗ ҚАЛАЙ ОРАЛУҒА БОЛАДЫ

*«Дүйсенбі - ауыр күн» деп апта сайын өзімізді төсектен зорға тұрғызамыз. Бұл жай ғана жалқаулық немесе еркелік емес. Шын мәнінде, ми демалыстан жұмысқа күрт көшуге қарсы тұрады. Бұл механизмді түсіну - аптаның басын жеңілдетудің бір жолы.*

Демалыс күндері ағза басқа ырғаққа бейімделеді: кеш ұйықтаймыз, ұзақ ұйықтаймыз, тамақтану уақыты өзгереді, өзімізге ұнайтын істермен айналысамыз. Ми демалып, «релакс режиміне» өтеді. Ал дүйсенбі күні таңертең одан кенеттен толыққанды жұмыс ырғағына қосылуын талап етеміз. Бұл - сағат белдеуінің өзгерісінен емес, өмір салтының өзгеруінен туындайтын мини-джетлаг тәрізді жағдай.

Психологиялық фактор да маңызды рөл атқарады. Жексенбі кешкісін көпшіліктің ойына алдағы апта, аяқталмаған істер мен күрделі тапсырмалар түсіп, мазасыздық туады. Бұл сезім демалыстың соңын уландырып, дүйсенбіге жағымсыз көңіл күй қалыптастырады. Ми «жағымсыз нәрсеге» алдын ала дайындалып, ағза соған сәйкес жауап береді: энергия төмендейді, көңіл күй бұзылады, ештеңе істегің келмейді.

Айта кетерлігі, жұмыс аптасының басталуындағы жайсыздық - ойдан шығарылған нәрсе емес. Зерттеулер дүйсенбі

күні жүрек талмасы жиі болатынын, адамдардың темекіні көп тартатынын, кофеинге үйір болатынын, өздерін жайсыз сезініп дәрігерге жиі жүгінетінін көрсеткен. Демек, жұмысқа көшуге байланысты күйзеліс - нақты және ол физикалық жағдайға да әсер етеді.

Кейбір мамандық иелері мен белгілі бір мінез типтері бұл құбылысқа көбірек бейім. Қатаң тәртіпті ұнатпайтын шығармашылық адамдар құрылымдалған жұмыс күніне қайта оралғанда ерекше жайсыздық сезінеді. Стресті жағдайда жұмыс істейтін немесе өз жұмысына қанағаттанбайтын адамдар да аптаның басын ауыр өткереді.

### Дүйсенбіге дайындық - жексенбіден басталады

Жексенбі кешіне белсенді демалыс немесе маңызды шаруалар жоспарламаңыз. Бұл уақытты алдағы аптаға байыпты дайындыққа арнаған жөн. Дүйсенбіге арналған жоспар құрыңыз - бұл белгісіздікпен байланысты алаңдаушылықты азайтады. Ми не күтіп тұрғанын білсе, қарсылық та аз болады.

Фильм көргіңіз келіп

тұрса да, жексенбіде жұмыс күніндегідей уақытта ұйықтауға тырысыңыз. Ұйқының аздығы дүйсенбіні одан сайын қиындатады. Ертеңгі киімді дайындап қойыңыз, таңғы асты ойластырыңыз - таңертең шешім қабылдауға кететін энергияны азайтқан сайын, күнді бастау жеңілдейді.

### Жұмысқа өтуді жеңілдететін дәстүр ойлап табыңыз

Жұмыс аптасының алғашқы таңын азап емес, ерекше сәтке айналдырыңыз. Таңертең сүйікті шай немесе кофеңізді ішіңіз, жұмысқа бара жатқанда жақсы музыка тыңдаңыз, дәмді таңғы ас сатып алыңыз. Мұндай кішкентай қуаныштар аптаның басын жаза ретінде емес, жаңа мүмкіндік ретінде қабылдауға көмектеседі.

Бірінші жұмыс күні жұмыстан кейін жағымды нәрсе жоспарлаңыз. Достармен кездесу, хобби, дәмді кешкі ас - кез келген мотивация жарайды. Алда сәттілік барын білу, ең ауыр дүйсенбіні де төзуге тұрарлық етеді.

### Демалыс күндеріне деген көзқарасты

### өзгертіңіз

Демалысты жұмыс күндерінің мүлдем қарама-қарсысына айналдырмаңыз. Апта бойы таңғы 7-де тұрып, сенбі күні түске дейін ұйықтасаңыз - ерте ояну азапқа айналады. Ұйқы режимін 1–2 сағатқа ғана өзгертіңіз.

Демалыс күндеріне аздап құрылым енгізіңіз. Бұл міндетті түрде жұмыс істеу деген сөз емес - тек күндеріңізге белгілі бір пішін беріңіз. Мысалы, алдын ала жоспарланған серуен, достармен кездесу немесе хобби күн тәртібін сақтап қалуға көмектеседі.

Апта сайын демалыстан кейінгі таң - аптаны жақсы бастаудың жаңа мүмкіндігі. Иә, демалыстан жұмысқа көшу оңай емес. Бірақ бұл - өзіңізге қамқорлық жасап, өміріңізге жайлылық орнатудың мүмкіндігі. Егер «режимдер» арасында жұмсақ ауысуды үйренсеңіз, күйзеліссіз бейімделу қабілетіне ие боласыз. Бұл дағды тек жұмыста ғана емес, өмірдің кез келген саласында қажет болады.

Өзіңізге мейірімді болуға рұқсат беріңіз - сонда әр жаңа апта сынақ емес, жаңа жетістіктерге толы мүмкіндікке айналады.

**«QARMET» ГАЗЕТИ РЕДАКЦИЯНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ  
МЕКЕНЖАЙЫ: GAZETA@QARMET.KZ**



## ВЫХОДНЫЕ ЗАКОНЧИЛИСЬ: КАК ВЕРНУТЬСЯ К РАБОТЕ БЕЗ СТРЕССА

*«Понедельник - день тяжелый», - говорим мы каждую неделю, с трудом заставляя себя встать с постели. И это не просто лень или капризы. На самом деле наш мозг действительно сопротивляется резкому переходу от отдыха к работе. Понимание этого механизма поможет сделать начало недели менее болезненным.*

За выходные наш организм привыкает к другому ритму. Мы позже ложимся, дольше спим, едим в другое время, занимаемся приятными делами. Мозг расслабляется и переживает на «режим отдыха». А в понедельник утром мы требуем от него мгновенно включиться в рабочий темп. Получается что-то вроде мини-джетлага, только не из-за смены часовых поясов, а из-за смены образа жизни.

Психологическая составляющая тоже играет важную роль. Воскресным вечером многие начинают думать о предстоящей неделе, незавершенных делах, сложных задачах. Появляется тревога, которая портит остаток выходных и создает негативный настрой на понедельник. Мозг заранее настраивается на «что-то неприятное», и организм реагирует соответственно: снижается энергия, ухудшается настроение, появляется нежелание что-либо делать.

Интересно, что дискомфорт от начала рабочей недели - не выдумка. Исследования показывают: в понедельник действительно чаще случаются сердечные приступы, люди больше

курят, употребляют кофеин, чаще обращаются к врачам с жалобами на плохое самочувствие. Это говорит о том, что стресс от перехода к работе вполне реален и влияет на физическое состояние.

Некоторые профессии и типы личности более подвержены этому явлению. Творческие люди, которые не любят жесткие рамки, испытывают больший дискомфорт от возвращения к структурированному рабочему дню. Те, кто работает в стрессовых условиях или не удовлетворен своей работой, тоже тяжелее переносят начало недели.

### Подготовка к понедельнику начинается в воскресенье

Не планируйте на воскресный вечер активные развлечения или важные дела. Лучше посвятить это время спокойной подготовке к предстоящей неделе. Составьте список дел на понедельник - это снимет тревогу неопределенности. Когда мозг знает, что его ждет, он меньше сопротивляется.

Постарайтесь лечь спать в воскресенье в обычное «рабочее» время, даже если очень хочется

досмотреть фильм или посидеть в интернете. Недосып делает понедельник еще более мучительным. Приготовьте одежду на завтра, продумайте завтрак - чем меньше решений придется принимать утром, тем легче будет начать день.

### Создайте ритуалы перехода к работе

Превратите первое утро рабочей недели в особенное время, а не в испытание. Заварите любимый чай или кофе, послушайте приятную музыку по дороге на работу, купите что-то вкусное на завтрак. Небольшие радости помогают мозгу воспринимать начало недели не как наказание, а как новое начало.

Планируйте на первый рабочий день что-то приятное после работы. Встреча с друзьями, любимое хобби, вкусный ужин - что угодно, что будет мотивировать пережить рабочий день. Когда есть «морковка» впереди, даже самое тяжелое утро после выходных кажется вполне терпимым.

### Измените отношение к выходным

Не превращайте выходные в полную противополо-

жность рабочим дням. Если всю неделю встаете в 7 утра, а в субботу спите до обеда, возвращение к раннему подъему станет пыткой. Лучше сдвинуть режим на час-два, но не кардинально.


Включите в выходные немного структуры и планирования. Это не значит работать - просто придайте дням какую-то форму. Запланированная прогулка, встреча с друзьями или хобби в определенное время помогут не потерять ощущение ритма жизни.

Каждое утро после выходных - это новая возможность начать неделю с правильной ноты. Да, переход от отдыха к работе может быть непростым, но это также шанс проявить заботу о себе и создать комфортные условия для своей жизни. Когда вы научитесь мягко «переключаться» между режимами, вы обретете важный навык - умение адаптироваться к изменениям без лишнего стресса. Этот навык пригодится не только в работе, но и во всех жизненных ситуациях. Позвольте себе быть добрыми к себе, и каждая новая неделя станет не испытанием, а возможностью для новых достижений.

**ЭЛЕКТРОННЫЙ АДРЕС РЕДАКЦИИ ГАЗЕТЫ «QARMET»:  
GAZETA@QARMET.KZ**



ӨЗЕКТІ



## «Қуанышқа бөленген ата-ана - бақытты бала» курстары

### Курс «Радостный родитель – счастливый ребёнок»

Корпоративтік психологтар

**Құрметті әріптестер,**  
«Qarmet» АҚ корпоративтік психологтары Сіздерді «Қуанышқа бөленген ата-ана - бақытты бала» курсына шақыруға қуанышты.

**Курс туралы:**  
Бұл курс салауатты отбасылық қарым-қатынастарды қалыптастыруға және баланың жан-жақты дамуы үшін үйлесімді ахуал жасауға ерекше назар аудара отырып, ата-аналардың дағдыларын нығайту және балаларды тәрбиелеуде қолдау көрсету үшін құрылған.

**Бағдарламада:**

- Ата-ана құзыреттерінің негіздері және балалармен тиімді қарым-қатынас жасау.
- Үйлесімді отбасылық қарым-қатынастарды қалыптастыру.
- Дамудың әртүрлі кезеңдеріндегі балалардың психоэмоционалдық қажеттіліктері.
- Қолайлы отбасылық ахуал жасау және баланы қолдау.

**Курстың басталуы:** 2025 жылғы 19 шілде, 10:00  
**Ұзақтығы:** 4 апта, сабақтар сенбі күндері өтеді  
**Өтетін орны:** Момышұлы көшесі, 11 (ҚДОБ), 102-кабинет

Курсқа 18 шілдеге дейін телефон нөмірі бойынша  
WhatsApp арқылы жазылуға болады:

**Уважаемые коллеги,**  
корпоративные психологи АО «Qarmet» рады пригласить вас на курс: «Радостный родитель – счастливый ребёнок».

**О курсе:**  
Этот курс создан для укрепления родительских навыков и поддержки в воспитании детей, с особым вниманием к формированию здоровых семейных отношений и созданию гармоничной атмосферы для всестороннего развития ребёнка.

**В программе:**

- Основы родительских компетенций и эффективное общение с детьми.
- Формирование гармоничных семейных отношений.
- Психоэмоциональные потребности детей на разных этапах развития.
- Создание благоприятной семейной атмосферы и поддержка ребёнка.

**Старт курса:** 19 июля 2025 года, 10:00  
**Длительность:** 4 недели, занятия проходят по субботам  
**Место проведения:** ул. Момышұлы, 11 (ОРОП), кабинет 102

Запись на курс до 18 июля  
по номеру WhatsApp:

+7 (771) 053 72 92

Жаңалықтар мен пайдалы кеңестерді Instagram-да  
қадағалап отырыңыздар

Следите за новостями и полезными советами в  
Instagram

qarmetpsy



## СПОРТ



# ВЕЛОШЕРУ

17-тамыз

Қарағанды - Шахтинск  
48 шақырым

ВЕЛОПРОБЕГ  
17 августа

Караганда - Шахтинск  
48 км

**Құрметті Qarmet компаниясының қызметкерлері!**  
17 тамыз күні, Шахтер күніне орай, Қарағанды – Шахтинск бағыты бойынша велошеру өтеді.

**Бағыт ұзақтығы – 48 шақырым.**

Іс-шара «Qarmet» АҚ-ның қолдауымен ұйымдастырылады.

**Қатысуға өтінімдер 16 тамызға дейін қабылданады.**

**Әрбір қатысушыда:**

- Жеке куәлік,
- Дәрігердің рұқсаты,
- Сәйкес жабдық/спорттық киім болуы тиіс.

**Ұйымдастыру комитеті:**

Қарағанды облыстық ардагерлер ұйымы РҚБ филиалының дене шынықтыру және спорт жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Муслимов Ислям  
+7 701 476 35 83

**Уважаемые работники компании Qarmet!**

17 августа, в честь Дня шахтёра, состоится велопробег по маршруту Караганда – Шахтинск.

**Протяжённость маршрута - 48 километров.**

Мероприятие проводится при поддержке АО «Qarmet».

**Заявки на участие принимаются до 16 августа.**

**Каждому участнику необходимо иметь:**

- удостоверение личности,
- допуск от врача,
- соответствующую экипировку.

**Оргкомитет:**

Председатель постоянной комиссии по физической культуре и спорту Карагандинского областного филиала РОО «Организация ветеранов»  
Муслимов Ислям  
+7 701 476 35 83

Уақыты/Время	Бағдарлама/Программа	Өтетін орны/Место проведения
09:00	Велошеруге қатысушылардың жиналуы/Сбор участников Велопробега	Қарағанды қаласы/Г.Караганда
09:00-09:30	Қатысушыларды тіркеу/Регистрация участников	
10:00	Велошерудің басталуы/Старт Велопробега	
12:00	Абай шахтасындағы қаза тапқан шахтерлердің мемориалына гүл шоғын қою/Возложение цветов у мемориала погибшим шахтерам ш.Абайская	
13:30	Велошерудің мәресі/Финиш Велопробега	Шахтинск қ./Г. Шахтинск
13:40	«Шахтер отбасы» ескерткішіне гүл шоғын қою/Возложение цветов у памятника «Шахтерская семья»	
13:50	Велошерудің салтанатты жабылу рәсімі/Торжественная церемония закрытия Велопробега	
14:30	Қатысушылардың Қарағандыға қайтуы/Отправка участников Велопробега в Караганду	



## ХАБАРЛАНДЫРУ

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

«Qarmet» АҚ ҚД «Костенко» атындағы шахтада көмір қорларын әзірлеу жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру үшін ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Әсер ететін аумақ – Қарағанды облысы.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 1. 49°52'11.30" с.е, 73°6'58.70" ш.б.; 2. 49°50'12.60" с.е., 73°5'47.30" ш.б.; 3. 49°51'26.20" с.е, 73°5'25.30" ш.б.; 4. 49°51'22.00" с.е., 73°10'41.00" ш.б.

Учаскенің географиялық координаттары: 1. 49°51'45,94" с.е., 73°5'57,43" ш.б.; 2. 49°51'50,76" с.е., 73°9'6,77" ш.б.; 3. 49°51'38,21" с.е., 73°9'6,01" ш.б.; 4. 49°50 '51,79" с.е., 73°6'57,96" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар: 25.08.2025 жылы сағат 11:00, Қарағанды қаласы, Михайлов тас жолы, 1, Костенко атындағы шахта, конференц залы, 2 қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Zoom платформасында тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылуға сілтеме:

<https://us06web.zoom.us/j/2349387375?pwd=CJqL7z9DzLiBOeaM9onUHFFbXGQsSO.1>

Конференция идентификаторы: 234 938 7375. Кіру коды: 1ed70s.

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы: «Qarmet» АҚ ҚД, 101407, Қазақстан Республикасы, Теміртау қ., Республика даңғ., 1, БСН 951140000042, тел. +7 (7212) 49-72-91, e-mail: Svetlana.Maklakova@qarmet.kz

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Экологиялық жобалау және мониторинг орталығы» ЖШС, 100000, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Әлиханов к., 8 кеңсе, 42, БСН 050640003212, тел. 8-7212-41-28-02, e-mail: proekt@ovos.kz.

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен [https:// ndbecology.gov.kz/](https://ndbecology.gov.kz/) сайтында «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты 8-7212-41-28-02 телефоны, e-mail: proekt@ovos.kz арқылы сұратуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар БЭК-те қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде, сондай-ақ ЖАО келесі мекенжайы бойынша қабылданады: «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Лободы к., 20; тел. 8 (7212) 56-81-66, e-mail: expertiza.upr\_krg@mail.ru.

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**

УД АО «Qarmet» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания для осуществления государственной экологической экспертизы по проекту Отчет о возможных воздействиях к Плану горных работ по разработке запасов угля на шахте имени «Костенко».

Территория, на которую оказывается воздействие – Карагандинская область.

Географические координаты территории воздействия:

1. 49°52'11.30"с.ш, 73°6'58.70" в.д.; 2. 49°50'12.60" с.ш., 73°5'47.30" в.д.; 3. 49°51'26.20" с.ш, 73°5'25.30" в.д.; 4. 49°51'22.00" с.ш., 73°10'41.00" в.д.

Географические координаты участка: 1. 49°51'45,94" с.ш., 73°5'57,43" в.д.; 2. 49°51'50,76" с.ш., 73°9'6,77" в.д.; 3. 49°51'38,21" с.ш., 73°9'6,01" в.д.; 4. 49°50 '51,79" с.ш., 73°6'57,96" в.д.

Общественные слушания состоятся: 25.08.2025 г. в 11:00, по адресу: город Караганда, Михайловское шоссе, 1. шахта им. Костенко, конференц зал, 2 этаж.

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom:

<https://us06web.zoom.us/j/2349387375?pwd=CJqL7z9DzLiBOeaM9onUHFFbXGQsSO.1>

Идентификатор конференции: 234 938 7375. Код доступа: 1ed70s.

Инициатор намечаемой деятельности: УД АО «Qarmet», 101407, Республика Казахстан, г. Темиртау, пр. Республика, 1, БИН 951140000042, тел. +7 (7212) 49-72-91, e-mail: Svetlana.Maklakova@qarmet.kz

Разработчик проектной документации: ТОО «Центр экологического проектирования и мониторинга», 100000, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Алиханова, 8 оф. 42, БИН 050640003212, тел. 8-7212-41-28-02, e-mail: proekt@ovos.kz.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте [https:// ndbecology.gov.kz/](https://ndbecology.gov.kz/) в разделе «Опубликованные слушания» и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по тел. 8-7212-41-28-02, e-mail: proekt@ovos.kz.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на ЕЭП, а также по адресу МИО: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», Карагандинская область, г. Караганда, ул. Лободы, 20; тел. 8 (7212) 56-81-66, e-mail: expertiza.upr\_krg@mail.ru.



## ХАБАРЛАНДЫРУ

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

«Qarmet» АҚ ҚД «Тентек» шахтасында көмір қорларын әзірлеу жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру үшін ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Әсер ету аймағы - Қарағанды облысы, Шахан кенті.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 49°49'7.00»N, 72°39'14.00»E.

Учаскенің географиялық координаттары: 1. 49°46'28"N 72°33'29"E; 2. 49°47'10"N 72°36'28"E; 3. 49°49'23"N 72°35'50"E; 4. 49°49'15"N 72°33'21"E.

Қоғамдық тыңдаулар: 26.08.2025 ж. сағат 11:00-де, Қарағанды облысы, Шахан кенті, Кенесары Қасымұлы көшесі, 1/1 құрылыс, Шахан кентінің Мәдениет үйі мекенжайы бойынша өтеді.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме:

<https://us06web.zoom.us/j/2349387375?pwd=CJqL7z9DzLiBOeaM9onUHFFbXGQsSO.1>

Конференция идентификаторы: 234 938 7375. Кіру коды: 1ed70s.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Qarmet» АҚ ҚД, 101407, Қазақстан Республикасы, Теміртау қаласы, Республика даңғылы, 1, БСН 951140000042, Тел. +7 (7212) 49-20-69, e-mail: [assel.karimova@qarmet.kz](mailto:assel.karimova@qarmet.kz).

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Центр экологического проектирования и мониторинга» ЖШС, 100000, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Әлиханов к-сі, 8, оф. 42, БСН 050640003212, тел. 8-7212-41-28-02, e-mail: [proekt@ovos.kz](mailto:proekt@ovos.kz)

Қоғамдық тыңдау материалдарымен сайтта танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz/> «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде.

Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты арқылы сұратуға болады: тел. 8-7212-41-28-02, e-mail: [proekt@ovos.kz](mailto:proekt@ovos.kz).

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың мекенжайы бойынша қабылданады: «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., көш. Лобода, 20. Телефон: 8 (7212) 56-81-66, e-mail: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru).

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**

УД АО «Qarmet» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания для осуществления государственной экологической экспертизы по проекту Отчет о возможных воздействиях к Плану горных работ по разработке запасов угля на шахте «Тентекская» УД АО «Qarmet».

Территория, на которую оказывается воздействие – Карагандинская область, п. Шахан.

Географические координаты территории воздействия: 49°49'7.00»N, 72°39'14.00»E.

Географические координаты участка: 1. 49°46'28"N 72°33'29"E; 2. 49°47'10"N 72°36'28"E; 3. 49°49'23"N 72°35'50"E; 4. 49°49'15"N 72°33'21"E.

Общественные слушания состоятся: 26.08.2025 г. в 11:00, по адресу: Карагандинская область, п. Шахан, ул. Кенесары Қасымұлы, строение 1/1, Дом культуры п. Шахан.

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom:

<https://us06web.zoom.us/j/2349387375?pwd=CJqL7z9DzLiBOeaM9onUHFFbXGQsSO.1>

Идентификатор конференции: 234 938 7375. Код доступа: 1ed70s.

Инициатор намечаемой деятельности: УД АО «Qarmet», 101407, Республика Казахстан, г. Теміртау, пр. Республика, 1, БИН 951140000042, тел. +7 (7212) 49-20-69, e-mail: [assel.karimova@qarmet.kz](mailto:assel.karimova@qarmet.kz).

Разработчик проектной документации: ТОО «Центр экологического проектирования и мониторинга», 100000, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Алиханова, 8 оф. 42, БИН 050640003212, тел. 8-7212-41-28-02, e-mail: [proekt@ovos.kz](mailto:proekt@ovos.kz).

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ndbecology.gov.kz/> в разделе «Опубликованные слушания» и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по тел. 8-7212-41-28-02, e-mail: [proekt@ovos.kz](mailto:proekt@ovos.kz).

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на ЕЭП, а также по адресу МИО: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», Карагандинская область, г. Караганда, ул. Лободы, 20; тел. 8 (7212) 56-81-66, e-mail: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru).

МЕРЕКЕ

# ТЕМІРТАУДАҒЫ МЕТАЛЛУРГ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ҮЛКЕН МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ!



Qarmet компаниясы қала тұрғындары мен қонақтарын осы жаздың басты музыкалық кешіне қуана шақырады! Астана алаңындағы сахнада әр буынды, стиль мен эмоцияны біріктіретін жұлдыздар өнер көрсетеді.

#### Кештің хедлайнерлері:

**ЛЕОНИД АГУТИН** - Ресей эстрадасының аңызы әрі еңбек сіңірген әртісі, «Босоногий мальчик», «Олимпия» және «На сиреновой луне» сияқты классикалық хиттердің авторы.

**V \$ X V PRINCE** - Яндекс.Музыка нұсқасы бойынша



«Жыл әртісі», қазақстандық хип-хоптың жаңа толқын дауысы, «Ойлаш», «Мурашки» хиттері мен «Вкусный» альбомының авторы.

**DEQUINE** - миллиондаған тыңдарманды баураған стиль, энергия және шынайылық. Оның музыкасы - жаңа буынның үні.

**BELLUCCI** - Алматыдан шыққан хип-хоп дуэті. Балаклава, шынайы стиль және қуатты флоу - ерекше атмосфера сыйлайды.

**АЛАН ЧЕРКАСОВ** - қазақстандық сахнаның



романтигі, «Красивая история» хитінің орындаушысы, халықтың сүйіктісі.

**RAiM** - қазақстандық поп-сахнаның супержұлдызы, «Сыныма», «Ау» және «Жаным» хиттерінің авторы. Оның әндері елдің түкпір-түкпірінде шырқалады.

#### 20 шілде

**Концерттің басталуы: 18:00**

**Өтетін орны:** Астана алаңы, Теміртау қаласы Отбасыңызбен келіп - шынайы, жарқын және ұмытылмас кештің куәсі болыңыздар!

## БОЛЬШОЙ ПРАЗДНИЧНЫЙ КОНЦЕРТ КО ДНЮ МЕТАЛЛУРГА В ТЕМИРТАУ!

Компания Qarmet с радостью приглашает всех жителей и гостей города на главное музыкальное событие этого лета! На сцене площади Астана выступят звёзды, чья музыка объединяет поколения, стили и эмоции.

#### Хедлайнеры вечера:

**ЛЕОНИД АГУТИН** - легенда российской эстрады, заслуженный артист России, чьи хиты «Босоногий мальчик», «Олимпия» и «На сиреновой луне» стали классикой.

**V \$ X V PRINCE** - артист года по версии Яндекс.

Музыки, голос новой волны казахстанского хип-хопа, автор хитов «Ойлаш», «Мурашки» и альбома «Вкусный».

**DEQUINE** - стиль, энергия и искренность, покорившие миллионы. Её музыка - это голос нового поколения.

**BELLUCCI** - хип-хоп дуэт из Алматы, чья мощная подача, балаклавы и уличная правда создают особую атмосферу.

**АЛАН ЧЕРКАСОВ** - романтик казахстанской сцены,

исполнитель хита «Красивая история», любимец публики.

**RAiM** - суперзвезда казахстанской поп-сцены, автор и исполнитель хитов «Сыныма», «Ау» и «Жаным». Его песни знают и поют в каждом городе страны.

#### 20 июля

**Начало концерта: 18:00**

**Место проведения:** площадь Астана, г. Теміртау Приходите всей семьёй - будет душевно, громко и незабываемо!



Собственник СМИ  
ТОО «Astana Classic»

Компьютерная верстка  
Т. Дубинина

Свидетельство о постановке на учет средства массовой информации  
№ 17724-Г от 28.05.2019 г. выдано Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан, Комитет информации.

Газета «Metallurgy today» выходит ежедневно. Объем 4 п.л.  
Печать офсетная. Заказ № 26. Тираж 10 000 экз.  
Распространяется бесплатно

Мнение авторов не всегда совпадает с мнением редакции.

Рукописи не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за достоверность сведений, содержащихся в публикациях газет, несут авторы публикаций. Отпечатано в ТОО «Типография Арко»: г. Караганда, ул. Сатпаева, 15, тел.: 8(7212) 41 17 83, 41 17 80.

Наш адрес: пр. Республики, 1, з/у, каб. 309. Телефон: 8(7213)96 99 10  
Наш e-mail: gazeta.qarmet@mail.ru, gazeta.qarmet@qarmet.kz